



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 3-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БАСТАУЫ

Дін философиясы: Канттың
теологиялық диалектикасы мен
Гегельдің Абсолюті



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 25. Дін философиясы: Канттың теологиялық диалектикасы мен Гегельдің Абсолюті

Канттың теологиялық диалектикасы

Канттың трансценденталды диалектикасының үшінші тарауы «Таза ақыл идеалы» деп аталады. Оның басты тақырыбы – трансцендентті Құдайдың өмір сүретінін таза ақылдың көмегімен дәлелдеуге ұмтылу. Кант Құдайдың бар екенін дәлелдеудің бүкіл мүмкін нұсқалары үш түрдің біріне кіруі тиіс деген тұжырымнан бастайды. Ең жоғары тіршілік етушінің априори концепциясынан бастау алатын онтологиялық аргументтер бар; эмпирикалық дүниенің жалпы табиғатынан туындайтын космологиялық дәлелдемелер бар; нақты табиғи құбылыстарға негізделген дәлелдемелер бар, біз оларды «физикалық-теологиялық дәлелдемелер» деп атай аламыз. «Әрбір дәлелдемеде ақыл-ой «спекулятивті ойдың қарапайым күшімен сезім дүниесінен асып ұшу үшін өзінің қанаттарын босқа жаяды», – дейді Кант.

Канттың тұжырымдауынша, онтологиялық аргумент Құдайға абсолютті қажет тіршілік етуші деген анықтама беруден басталады. Мұндай тіршілік етуші – өмір сүрмеуі мүмкін емес нәрсе. Бірақ біз, ол сұрап отырғандай, осындай анықтаманың мағынасын біле аламыз ба? Шынымен де, қажеттілік – заттарға емес, пікірлерге қатысты; біз «үшбұрыштың үш бұрышы бар» деген пікірдің логикалық қажеттілігін бере алмаймыз және оны нақты тіршілік етіп отырған заттың қасиетіне айналдыра алмаймыз. Логикалық қажеттілік – тек шартты ғана қажеттілік; ешқандай абсолютті қажеттілік жоқ:

Үшбұрыштың үш бұрышының емес, үшбұрыштың өзінің бар болуы туралы болжам өздігінен алғанда қайшылықты; алайда үшбұрыштың да, оның үш бұрышының да бар болуы туралы болжамды қабылдауға әбден болады. Абсолютті қажетті тіршілік етуші концепциясы бойынша да осыны айтамыз. Егер де сіз оның өмір сүретіндігі туралы ойласаңыз, сіз зат туралы оның предикаттарының бәрін қамти отырып ойлайсыз және қандай да бір қайшылық туралы ешқандай сұрақ туындамайды.

Егер онтологиялық аргумент дұрыс болса, онда «Құдай бар» деген пікір аналитикалық пікір болып саналады: «бар болу» – «Құдай» субъектісінде айтпай-ақ қабылданатын, өзідігінен бар болатын предикат. Бірақ Кант нақты өмір сүру туралы барлық тұжырымдар синтетикалық болып саналады деген тұжырымын қайталаудан танбайды: біз нақты дүниені таза ұғымдардан шығара алмаймыз. Біз ең аз дегенде ұғымдардан бейболмысқа дейін пікірталас жүргізе аламыз деп қарсы шыға алар едік: себебі, біз өзіміз білетін квадрат және шеңбер ұғымдарын түсінеміз, бірақ квадрат шеңбер деген нәрсе жоқ. Егер «квадрат шеңбер жоқ» деген ұғым аналитикалық сипатта болса, онда неге «қажетті тіршілік» болмауы тиіс?

Канттың онтологиялық аргументке қарсы қоятын уәжі: «Құдай бар» деген пікірдің синтетикалық пікір екендігінде емес, мұның субъект-предикаттық пікір еместігінде. «Құдай құдыретті» деген пікірде «бар» деген байланыстырушы етістікке қатысты екі ұғым бар. Бірақ мен субъектіні, Құдайды, оның бүкіл предикаттарымен, құдыреттілігін қоса алғанда, қабылдасам, «Құдай бар» немесе «Бұл – Құдай» деймін. Құдай ұғымына жаңа предикат қоспаймын, мен жәй ғана заттың бүкіл предикаттарымен бірге өмір сүріп отырғанын, бар екендігін растаймын: мен өз ұғымыма сай келетін объектіні тұжырымдаймын.

Шындығына келгенде, экзистенциалдық пікірлер ылғи да «жағымды» бола бермейді, себебі үлкен пікір ішкі, кіші пікірлер туындауы мүмкін (мысалы, «Құдай бар болса, күнәһарлар жазасын тартады» деген сияқты). Бірақ Құдайдың бар екені туралы тұжырым да, болжам да Құдай ұғымын құрастыратын предикаттарға ештеңе қоспайтыны шындық. Құдайдың қандай да бір нақты ұғымы жүйелі ме, жоқ па, оған қарамастан, бұл дұрыс болып есептеледі. Біз тіпті Құдайдың бар болуы мүмкін дегенмен келіскен күнде де Кант нақты жүз долларда жүз доллардан артық нәрсе болмайды деп тамаша айтқан пікір сақталады.

Юмның сөзін қайталай келе, Кант: «Затқа қаншама көп предикат ойлап тауып және оған толығымен анықтама бергенде, біздің затқа жасайтын қосымшамыз аз емес. Басқаша жағдайда, бұл тіршілікте бар нәрсе емес, біз ұғымда ойластырғаннан да көбірек дүние. Сондықтан біз менің ұғымымдағыдай дәлме-дәл объект бар болады дей алмаймыз, біз оны толық анықтасақ та, затқа қосымша предикатты жеткілікті жасамаймыз». Заттың ұғымына өмір сүруді, бар болуды, тіршілік етуді, тіпті мұның ықтималдылығын қосуға тырысу ылғи да орынсыз болуы тиіс. Өмір сүру, бар болу осындай ұғымға кіретін предикат болып саналмайды.



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 25. Дін философиясы: Канттың теологиялық диалектикасы мен Гегельдің Абсолюті

XII ғасырда танымал философтардың бірі Пьер Абеляр, одан кейін XIX ғасырда Готлоб Фреге өмір сүруді немесе бар болуды басқаша түрде жеткізуге шақырды, сондықтан «өмір сүреді немесе бар» деген ұғым предикатқа да ұқсамайды. «Періштелер өмір сүреді» дегенді «Кейбір нәрселер – періштелер» деп айтқан дұрыс. Мұның артықшылығы – біз «Періштелер өмір сүрмейді» дегенде, біз әуелі періштелерді атап, сонан соң оларды терістейтін сияқты болмаймыз. Бірақ бұл онтологиялық аргументке қатысты мәселенің шешімі емес, себебі мүмкіндіктен немесе ықтималдылықтан шындыққа қарай бағытталатын мәселелер «бірдеңе» болып саналатын сұрақтар түрінде қайта көтеріледі: біз нақты объектілерді қарастырып жатуымыз мүмкін бе деген сияқты. Осылайша, біздің заманымызға жақын кезеңдегі кейбір философтар талқылау шеңберіне мүмкін объектілерді енгізіп, онтологиялық аргументті жаңаша көзқарас тұрғысынан қайталауға тырысты. Олар қажетті тіршілік етуші барлық мүмкін дүниелерде өмір сүреді деп тұжырымдайды. Осылайша, қажетті тіршілік етушінің анықтамасы біздің нақты дүниемізде бар болуы тиіс. Бұл мүмкін болса, біздің дүниеміз мүлде болмас еді; сондықтан Құдай барлық мүмкін дүниелердің әрқайсысында бар болатын немесе өмір сүретін болса, біздің дүниемізде де бар болуы немесе өмір сүруі тиіс.

Канттың «нақты дүниеде бірдеңе менің зат туралы концепцияма шынымен де сәйкес келсе, оның өзі менің концепциямның бөлігі бола алмайды» деп қайталап айтуы, әрине, дұрыс. Концепция оны нақты дүниемен салыстырғанға дейін анықталуы тиіс, әйтпесе, біз қандай концепция салыстырылып отыр, олардың қайсысының нақты шындыққа сай келетінін немесе сай келмейтінін білмес едік. Құдайдың бар екендігі біз «Құдай» ұғымына енгізетін мазмұнның құрамдасы бола алмайды; яғни «Құдай бар» деген пікір аналитикалық пікір бола алмайды және бұл жағынан алғанда, онтологиялық аргумент жеңіліске ұшырайды.

Алайда Кант өз сынының күшін тым асыра бағалады. Ол онтологиялық аргументтен бас тарту Құдайдың бар екені туралы бұдан да кеңірек танымал дәлелдемелерден жеңіліс табуға әкеледі деп тұжырымдады. Бұл аргументті Кант былайша баяндады:

Егер де бірдеңе өмір сүретін болса, абсолютті қажетті нәрсе де өмір сүруі тиіс. Енді, ең құрығанда, мен өмір сүріп отырмын. Сондықтан абсолютті қажетті нәрсе бар болады, өмір сүреді. Шағын алғышарттың өзі қажетті нәрсенің бар болатындығын немесе өмір сүретіндігін туындататын негізгі алғышарттағы тәжірибені қамтиды. Сондықтан дәлелдеу шынымен де тәжірибеден басталады және толығымен априори онтологиялық аргумент болып саналмайды. Барлық мүмкін тәжірибенің субъектісі дүние деп аталатындықтан ол космологиялық дәлелдеу деген атауға ие.

Канттың пікірінше, тәжірибеге сүйену бұл жерде бір қиялға ұқсас, яғни космологиялық күш тек қана онтологиялық аргументтен туындайды. «Қажетті болмыс» дегеніміз не? Әрине, ол – мәні өмір сүруді қамтитын нәрсе, яғни өмір сүруін онтологиялық аргумент арқылы анықтауға болатын нәрсе. Бірақ Кант бұл жерде «қажетті болмысты» өзінің өмір сүруіне кіре де алмайтын, одан шыға да алмайтын және оны өзгертуге болмайтын нәрсе ретінде бөлек анықтау мүмкіндігін жоққа шығарады. Іс жүзінде бұл қажеттіліктің ортағасырлық философтар берген қалыпты сипаттамасы еді. Кант сияқты, олар да онтологиялық аргументті терістеді. Мұндай тіршілік етуші құбылыс тәжірибе дүниесіндегі өзгермелі және шартты нәрселерден айтарлықтай ерекшеленеді және ол біздің нәзік те бір сәттік космосымыздың қажетті мығым негізін қамтамасыз етеді деп сипаттауға әбден болады.

Алайда Кантта космологиялық аргументтің оның өзі жасырын онтологиялық аргумент деп атайтын тұжырымынан тәуелсіз тағы бір сыны бар. Космологиялық аргументтің барлық формалары шартты себептер қатары, олар қаншалықты ұзақ болса да, тек қажетті себеппен ғана аяқталуы мүмкін екендігін көрсетуге ұмтылады. Бірақ біз қажетті себеп – себептер тізбегінің бөлігі ме, әлде жоқ па деп сұрайтын болсақ, біз дилеммаға тап боламыз. Егер ол тізбектің бөлігі болса, онда ол неге өмір сүріп отыр деген сұрақ қоямыз. Бірақ біз ең жоғары нәрсенің өзі туралы «мен мәңгіліктен мәңгілікке көшемін, менің еркіммен жаратылғаннан басқа, менен тыс ештеңе жоқ, бірақ мен қайдан шықтым?» деп айтуын елестету қиын. Басқа жағынан алғанда, қажетті нәрсе себеп-салдарлық байланыс тізбегінің бөлшегі болмаса, ол өзінің өмір сүруімен аяқталатын тізбек байланыстарын қалай түсіндіре алады?

Құдайдың бар екенін қолдайтын, оны Кант ерекше әспеттейтін аргумент – физикалық-теологиялық дәлелдеме. Оның пікірінше, ол ерекше құрметке ие болуы тиіс және Кант бұл аргументті айырықша шешендікпен жеткізеді:



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 25. Дін философиясы: Канттың теологиялық диалектикасы мен Гегельдің Абсолюті

Бұл дүние бізге сантүрліліктің, реттіліктің, мақсат мен сұлулықтың суреттеуге сөз жетпейтін бейнелерін ұсынады. Оның үстіне, олар өзінің бөлшектерінің шексіз деңгейі мен сансыз бөлінулері арқылы көрініс табады. Біздің олар туралы білімдеріміз аз болған күннің өзінде де біз сансыз көп ғажайыптарға тап болатынымыз соншалық, әсерлерімізді сөзбен жеткізу мүмкін емес және ойларымыз дәлдігін жоғалтып, олар жайлы пікірлеріміз таң-тамаша қалуымыздың көлеңкесінде тасалап қалады. Ал оның үнсіздігі көп нәрсені шеберлікпен жеткізеді. Барлық жерден себеп пен салдардың, мақсат пен құралдың, өмір сүруге кіру мен одан шығу ретінің тізбегін көреміз. Ештеңе біз оны көретін күйге өзінен-өзі келмейді, бірақ басқаны өзінің себебі ретінде көрсетеді және бұл өз кезегінде бізді сондай сауалды қоюға міндеттейді, яғни кездейсоқ жағдайлардың осы шексіз тізбегін сақтап отыратын тылсым дүние – айырықша және дербес үйлесімділікке ие, Ғаламның пайда болуын ғана емес, әрі қарай өмір сүруін қамтамасыз ететін нәрсе жоғарыдан жіберілмесе, бүкіл Ғалам бейболмыс тұңғышына батар еді.

Осы түрде ұсынылған аргумент, шамасы, Құдайдың бар екенінің бірнеше дәстүрлі дәлелдерін, мысалы, алғашқы себеп туралы аргументті, сонымен қатар, жарату туралы аргументті біріктіретін сияқты. Дүниеден осы құбылыстардың барлығы үлкен даналықпен жүзеге асырылып отырған, белгілі бір мақсатқа сәйкес дәйектіліктің белгілерін көріп отырғанымыз еш күмәнсіз. Бұл реттілік дүниені құрастырып тұрған жекелеген заттарда болмағандықтан, оны табиғат сияқты соқыр түрде емес, адамдар секілді еркін әрекет ететін бір немесе бірнеше жоғары саналы себептер туындайды деген қорытындыға келуіміз керек. Кант аналогияларға қатысты әртүрлі қиындықтар мәселесін көтеріп, табиғаттың әрекеті мен адам шеберлігінің өнері туралы аргументті келтіреді; бірақ философтың дәлелдерді нақты сынауы оның беделін теріске шығаруға емес, саласын шектеуге бағытталған. Ең салмақты аргумент – «бәрі оның идеясына бағынатын Жаратушының емес, ол жұмыс істеп отырған материалдың бейімділігі оған ылғи да кедергі болатын дүниенің сәулетшісінің» өмір сүруі. Көптеген діндарлар Канттың еңбегінің арқасында осындай ұлы сәулетшінің бар екендігін күмәнсіз анықтап алғандарына сондай риза болды.

Алайда Кант «Таза ақылға сын» атты еңбегінде Құдай туралы өзінің соңғы сөзін айтпады. Өзінің екінші сынында ол практикалық ақыл-ой постулаттарының – моральдық заңға бағыну рационал қызметке айналу үшін жасалған болжамдардың бірқатарын баяндайды. Постулаттар табиғи метафизиканың дәстүрлі тақырыптары секілді болып шықты. Олар: Құдай, еркіндік және ажалсыздық. Біз өзіне ізгілікті де, бақытты да қамтитын жетілген ізгілікке ұмтылуға міндеттіміз. Егер де оған жету мүмкін болса, біз бірдеңеге ұмтылу міндетіне ғана ие бола аламыз. «Тиіс немесе қажет дегеніміз, – дейді Кант, – жасай алады дегенді білдіреді». Бірақ тек құдыретті, бәрін білетін Құдай ғана ізгілік пен бақыттың тең екеніне кепілдік бере алады – бұл дүниеден кейін өмір бар болса, Құдай мұны іске асыра алады, яғни Құдайдың бар екенін моральдық тұрғыдан болжау қажет.

Кант осы тұжырым мен бірінші сындағы «спекулятивті ақыл-ой Құдайдың бар екенін және оның атрибуттарын дәлелдей алады» деген терістеудің арасында ешқандай сәйкестік жоқ деп қайталап айтады. Адамгершілік өмір талап ететін Құдай туралы постулат – сенімнің мәселесі. Бірінші сынға алғыс өзінде-ақ Кант теология туралы екі көзқарастың арасындағы айырмашылықты атап көрсетіп, оның метафизикаға сыни көзқарасы шын мәнінде Құдайдың бар екеніне моральдық жағынан бағалы сенімнің қажетті шарты деп тұжырымдады:

Егер ақыл-ойымның қисынсыз көрегендікке ұмтылыстарының спекулятивті себептерін алып тастамасам, ақыл-ойымды практикалық түрде қолдану үшін тіпті Құдайды, еркіндік пен ажалсыздықты да қабылдай алмаймын... Сондықтан сенімге орын босату үшін білімді терістеуім керек. Метафизиканың догматизмі, таза ақылды сынамай-ақ субъектіде прогреске жетуге болады деген идея – моральға қарсы догматтың сенімсіздіктің ақиқат бастауы болып саналады.

Канттың Құдайды адамгершіліктік мінез-құлықтың шарты ретінде қарастыратын постулаты – ең алғаш рет Паскаль баяндаған стратегияны, атап айтсақ, біз Құдайдың бар екеніне «Құдай бар» деп ойлауға негіз болғандықтан емес, біз сенуге тиімді пікір болғандықтан сенуге тиіспіз деген стратегияны қалыптастыру.



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 25. Дін философиясы: Канттың теологиялық диалектикасы мен Гегельдің Абсолюті

Гегельдің Абсолюті

Гегель христиандықты зерттеумен айналысты. Мысалы, ол Германияның тарихын үш кезеңге бөледі: Ұлы Карлға дейінгі кезең, оны Әкей Патшалығы деп атайды; Ұлы Карлдан Реформацияға дейінгі кезең, оған Ұл Патшалығы деген атау береді; ақырында Реформациядан Пруссия монархиясына дейінгі кезең, ол – Әулие Рух немесе Рух Патшалығы болып саналады. Анда-санда ол Құдай ретіндегі Абсолютке сілтеме жасайды. Оның Абсолюті Аристотельдің ұғымын еске салады, оны христиан ойшылдары Құдайы сипаттау үшін қолданған дейді. Алайда жақынырақ қарастырғанда, Абсолюттің христиандық Құдайдан мүлдем өзгеше екені байқалады.

Христиандық дәстүрге сенер болсақ, Құдай – мәңгілік, өзгермейді, оның бар болуы дүние мен адамдардың өмір сүруінен тәуелсіз. Құдай Адам мен Абрамға дейін-ақ өзіндік сана толықтығында өмір сүріп жатты. Ал Гегельдің Абсолюті – адамдардың өмірі арқылы ғана өмір сүретін рух және Абсолюттің өзіндік санасы философтардың күнделікті өмірдегі пайымдаларынан туындайды. Алайда Рух – адам ойлауының жиынтығы ғана емес; Абсолюттің бір де бір ойшыл адамда жоқ мақсаттары бар және адам оларға бейсана түрде қызмет етеді. Бірақ Ғалам Рухының жоспары трансцендентті Жаратушы сырттан кіріктірген бірдеңе емес; бұл – осы дүниенің жоспарлаған ішкі эволюциясы.

Гегель өзінің жүйесін діннен берілген ақиқаттарды рационалды, ғылыми түрде жеткізу деп түсінді. Философия мен дін бір саланы қамтиды.

Жалпы алғанда, философияның объектілері діннің объектілерімен бірдей. Екеуінде де «Құдай, тек қана Құдай – Ақиқат» деген мағынадағы Ақиқат бар.

Табиғаттың шектеулі дүниелері мен адамның ақыл-ойы, олардың бір-біріне қатынасы, Құдайы ақиқат мәселелері де осы тұрғыдан қарастырылады, – дейді Гегель.

Адамзат философияда да, дінде де өзіндік ғаламдық космостық ақыл-ойды құрастыруға ұмтылады: дін мұны табыну арқылы жасайды; философия – рационал пайымдау арқылы жүзеге асырады.

Дін бізге әуелі мифтер мен бейнелерді ұсынады. Мысалы, антика дәуірінде Гомер мен Гесиод грек құдайлары мен құдай әйелдерінің пантеонын қалыптастырды. Философияның мифтер мен бейнелерге алғашқы реакциясы – олардың ақиқатқа деген ұмтылысын тас-талқан ету болды: мысалы, Платон ақындар мен мүсіншілердің теологиясын айыптады. Бұл көрініс басқа мәдениеттерде де қайталанатын. Мысалы, Ағартушылық философтары еврей және христиан баяндарын келекеге айналдырды. Алайда дін мен дінге қарсы философияның арасындағы антагонизмді Гегельдің ақиқат философиясы ығыстырып шығарды, ол сенімді де, ақыл-ойды да біртұтас мәңгілік ақиқатты бейнелеудің әртүрлі тәсілдері деп қабылдайды.

Философия ойдың көмегімен жеткізетінді дін бейнелер арқылы сипаттайды. Гегельдің жүйесі бойынша табиғатта заттандырылатын концепт Ұлы монотеистік діндерде трансцендент Құдайдың дүниені еркін жаратуы деп түсіндіріледі. Гегельдің шектелген рухты шексіз рухтың өмірінің бір сәті деп түсінуі христиан ілімінде Құдай Христос арқылы адам кейпіне енді деп тұжырымдалады. Бірақ философияға дін артықтық етпейді: «Діннің формасы ақыл-ойға қажет, себебі ол өзі үшін керек; бұл ақиқаттың барлық адамдар үшін де, сананың әрбір тәсілі үшін де қажет формасы. Гегель өзінің лютеран және лютеран болып қала беретінін мақтанышпен айтатын.

Сонымен, Гегельдің христиан ілімдеріне көзқарасы жағымды болды. Оның Құдайдың бар екенінің дәстүрлі дәлелдемелеріне қатынасы да осындай еді. Алайда Құдай – абсолют, ал абсолют дегеніміз – бүкіл өмір сүріп, бар болып отырған нәрселер болса, онда Құдайдың бар екенін дәлелдеудің қажеті бола қояр ма екен? Бұл – онтологиялық аргументтің Гегель ұсынған нұсқасы. «Біз Құдай деп атайтын нақты тұтастық, – деп жазды, – ол осындай жұтаң категорияны бәрінің арасындағы ең жұтаңы және ең абстракт категория ретінде қамту үшін ол соншалықты бай болмаса, түсініксіз болар еді». Оның ойынша, Құдайдың бар екенінің нақты дәлелі – Гегельдің толыққанды жүйесі.

Қазіргі заманның алғашқы кезеңі табиғи теология үшін сынақ дәуіріне айналды. Ол дін дәстүр элементтеріне күмәнмен қарай бастаған философтардың тарапынан ғана емес, сенімге орын босату үшін табиғи теологияға қойылатын талаптарды азайтқысы келген теологтар жағынан



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 25. Дін философиясы: Канттың теологиялық диалектикасы мен Гегельдің Абсолюті

да сынға ұшырады. Ағартушылық философтары теологиялық ілімдердің эпистемология, психология, биология, этика және саясат салаларына қосқан үлестерін кемітуге, тіпті алып тастауға ұмтылды. Француз революциясы мен оның салдарлары еуропалық ойшылдарды дәстүрлі дінді де, сонымен қатар, Ағартушылық бағдарламасын да қайта қарастыруға мәжбүр етті.